



EL BEREKESI – BIRLIKTE!

DOSTYQ

№ 21
(11431)
Жұма
29 Мамыр
2026 ЖЫЛ

Зайсан ауданының қоғамдық-саяси газеті. Газет 1930 жылғы 1 қазаннан шығады

ЗАЙСАНДЫҚ ЭНЕРГЕТИКТЕР – АЛТАЙ АЙМАҒЫНЫҢ ЧЕМПИОНЫ!

Таврия полигонында өткен энергетикалық сервис компаниясы қызметкерлерінің дәстүрлі кәсіби шеберлік сайысы өз мәресіне жетті. Жарыс барысында 6 аймақтық филиалға қарасты аудандық электр желісі қызметкерлері 0,4-10 кВ-тық электр желілерін пайдалану және апаттық жағдайларға жедел әрекет ету бойынша өзара бақ сынасқан болатын.



Сайыс қорытындысы бойынша «Алтай аймағы» тарату желілерін пайдалану бойынша жедел-жөндеу қызметкерлерінің жыл сайынғы кәсіби жарысында біздің Зайсан аудандық электр желісінің (Зайсан РЭС) мамандары асқан шеберлік танытып, көш бастап, жүлделі I орынды иеленді. Қатысушылар жоғары кернеулі желідегі апаттарды жою, тоқ соққан адамды құтқару, алғашқы медициналық көмек көрсету және өрт сөндіру сияқты ең қауіпті әрі жауапты 7 күрделі кезеңнен мүдірмей өтіп, нағыз кәсіби маман екендіктерін дәлелдеді. Салтанатты жиында оқ бойы озық шыққан жерлестерімізге алтын медаль мен Мақтау қағазы табысталды. Барша Зайсан РЭС ұжымын осынау үлкен жеңіспен шын жүректен құттықтаймыз, еңбектеріңіз жана берсін, жарықтарыңыз сөнбесін!

«ДОСТЫҚ-АҚПАРАТ»

«Шығыс Қазақстанның, Құрметті спорт ардагері» төсбелгісі табысталды

Зайсан ауданының спорт саласында ұзақ жылдар еңбек етіп, өңір спортының дамуына өлшеусіз үлес қосқан ардагерлер марапат төрінен көрінді.



Шығыс Қазақстан облысы Спорт ардагерлері кеңесінің атынан ауданымыздың бірқатар спорт ардагерлеріне «Шығыс Қазақстанның Құрметті спорт ардагері» төсбелгісі табысталды.

Аталған марапатқа ие болғандар: Қайролда Мұрат Қайролдаұлы, Рахымбаев Зайнолда Рысбекұлы, Масенов Кенжеғали Матанұлы.

Бұл — олардың спорт саласындағы көпжылдық еңбегіне, жас буын тәрбиесіндегі үлесіне және аудан спортының дамуына қосқан зор еңбегіне көрсетілген құрмет.

Ардагерлеріміздің өмір жолы мен тәжірибесі кейінгі ұрпаққа әрдайым өнеге. Олар тек спортшы ғана емес, ел спортының жанашыры, жастардың бағыт беруші тәлімгерлері болып келеді.

Құрметті ардагерлерімізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларына амандық тілейміз!

Еңбектеріңіз еленіп, абыройларыңыз арта берсін!

«ДОСТЫҚ-АҚПАРАТ»

«Дарындылар шеруі -2026»

Білімді оқушылар марапатталды

Ауданда жыл сайын оқу жылы аяқталғанда дарынды оқушылар шеруін өткізу дәстүрге айналған. Аудандық мәдениет үйінде аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілетін бұл шараға өзінің білімге деген зор ынтасының нәтижесінде биік белестерді бағындырған дарынды оқушылар мен ұстаздар қатысады. Биылғы 2025-2026 оқу жылының қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен 286 оқушы мен олардың ұстаздары сахна төріне арнайы шақырылып, марапатқа ие болды.



Аудан әкімінің орынбасары Ермек Қорабаев, аудандық мәслихат төрағасы Еркебұлан Зағыпаров, Зайсан ауданы прокурорының орынбасары Рауан Сайранбекұлы және аудандық білім бөлімінің басшысы Меруерт Мұратқызы ғылымда зеректігімен, өнерде талғамымен, әдебиетте шешендігімен, спортта мықтылығымен оза шауып, халықаралық, республикалық, облыстық деңгейде аудан абыройын асқақ еткен оқушыларды марапаттап, ізгі тілектерін білдіріп, алдағы күндеріне сәттілік тіледі.

Зайсан өңірі дарындылар мекені. Киелі мекеннен түлеп ұшқан талай санлақ еліміздің түкпір-түкпірінде, тіпті, шет мемлекеттерде білімділігін паш етіп, биік шыңдардан көрініп жүр.

Олай болса, биылғы оқу жылын сәтті аяқтаған барша жеңімпаздар мен ұстаздарды жеткен жетістіктерімен құттықтаймыз.

Әрқашанда білім көкжиегінде жарқырап жана беріңіздер!

Н.ХАЛЫҚОВА.

МАҚТАН ТҰТАТЫН ТҮЛЕГІМІЗ!

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары арасында өткен Республикалық студенттік спорт лигасының қазақ күресі турнирінде 65 келі салмақ дәрежесінде жүлделі III орын иеленген — Бұқаралық спортты дамыту орталығының түлегі, аудан мақтанышы Құрманбекова Аялымды шын жүректен құттықтаймыз!



Бүгінгі жетістік — спорттағы табанды дайындық пен үлкен еңбектің жемісі. Бұқаралық спорт мектебінен шыңдалып шыққан спортшымыздың республикалық деңгейде топ жаруы — біз үшін үлкен қуаныш әрі зор мақтаныш!

Аялымға алдағы жарыстарда толағай табыс, биік белестер мен жарқын жеңістер тілейміз!

Өз тілшімізден

31- мамыр қуғын –сүргін күндерін еске алу күні

Жазықсыз «Халық жауы» атанған

Аға ұрпақ өкілдері өз заманында сан қилы қиын- қыстау кезеңдердің нағыз куәгері атанды. 1930 жылдардағы жаппай ашаршылықтың, жоқшылықтың ащы дәмін татқандардан аман қалғандар 1937 жылдары басталған жалған саясаттың қудалау құрбанына айналып, қуғын мен сүргіннің тепкісін көрді. Елге төнген нәубәттің салдарынан жазықсыз жандар «Халық жауы» деген атаққа ілініп, қудаланды, сотталды, атылды. Осындай топтың ішінде Зайсан өңірінің тұрғындары да болды. Солардың бірі – сталиндік солақай саясаттың құрбаны

Кәрім Құндақбайұлы. Сұрапыл жылдардың қуғынын көрген оның есімі зайсандық оқырман қауымға жақсы таныс. Өйткені, өзінің ұлағатты ғұмырында тағдырдың тауқыметін молынан арқалаған Кәрім Құндақбаев туралы тарих парағына қатталған шежірелі беттер соның айғағындай...

Кәрім Құндақбаев 1906 жылы Шығыс Қазақстан облысындағы Зайсан уезіндегі №5 ауылға қарасты «Жайдақ» деген жерде кедей шаруаның отбасында дүниесігін ашқан. Әкесі оны 13 жасында Зайсан қаласында тұратын ауқатты адамдардың қолына тапсырып, соларға жалдамалы жұмысшы болған. Сол жерде жүріп орыс тілін үйреніп, сауатын ашуға ынталы болады. Соның нәтижесінде 1925 жылы сауат ашу мектебіне оқуға түсіп, әріп танып, жазу жазатын деңгейге жетеді. Одан кейін халық тергеушісі курсы оқып, оны 1928 жылы бітірген. 1932 жылы 26 жасында Зайсан қаласында Маужуда Ғалиқызымен көңіл жарастырып, екеуі бас қосып, шаңырақ көтерген. Олардың отбасында Әлім, Сәлім атты екі ұлдары өмірге келген. Сәлімдері ертерек о дүниелік болған. Ал Әлімдері Риддер қаласында қоныстанып, 2013 жылы өмірден өткен.

«Халық жауы» атанған Кәрім Құндақбаевтың білім алғаннан кейінгі алғашқы қызметтік жолы Зайсанда аудандық жер бөлімінде басталған. Одан кейін Зайсан аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінде қызмет атқарған. Сол уақытта оның бастауымен 1930 жылы «Қара Ертіс» ауылы таратылып, осында қоныстанған «Төртуыл» руынан 30 отбасы Шілікті жеріне қоныс аударған. Ол жақтағы «Шаған оба», қазіргі Р. Зәкиев атындағы застава, «Күзеуін», «Туат» шекара заставаларының аумағындағы учаскелердегі қыстауларға орналастырылған. Сөйтіп, мұнда келгендер мал шаруашылығын дамытуға атсалысып, өз тірліктеріне кіріскен. Ондағы басты мақсаттың бірі- сол заманның өзінде шекаралық аймақтың шебіндегі елді мекендерге тұрғындар тұрақтандыру болған екен. Өз заманының білікті маманы кейін Тарбағатай ауданына қарасты Шаған оба-«Шілікті» колхозында қызметтік жолын жалғастырған. Бұл ұжымды Кәрім Құндақбаев өз қолымен құрып, оның дамуына өзінің үлесін қосып, атсалысқан. Осы шаруашылыққа директорлыққа жіберілген. Өзінің білімге құштарлығының арқасында Семей қаласынан өлкелік кеңестік партия мектебінде білімін жетілдірген.

Ол 1928 жылы «Қызыл тас» болыстық комсомол комитетінің хатшысы қызметін атқарған. Сол жылдың қараша айында жаңадан құрыла бастаған «Қызылтас» аудандық милиция бөлімінің бастығы болып, сотта халық тергеушісі лауазымын қоса атқарған.

Ал 1934 – 1935 жылдары Мәскеудегі жоғарғы партия қызметкерлерін дайындайтын

курста оқып, сол кезде коммунистік партияның белсенді мүшесінің қатарына қосылған. Көзі ашық көкірегі ояу, сауатты азаматқа зор сенім артылып, ол Большенарым аудандық партия комитетінің екінші хатшылығына тағайындалып, жауапты қызметтік міндеттерді арқалаған. Оны 1937 жылы Көкпекті аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне ауыстырған. Осы жаққа келгеннен кейін Кәрім Құндақбайұлының азапты тағдыры басталған. Жаңа қызметіне кіріспей жатып, қуғындау жағы басым түскен. Сол жылғы 7 желтоқсан күні НКВД жөндеттері оны тұтқиылдан тұтқындап, қамауға алған.



Онымен қоса ең жоғары ату жазасына кеседі. Елінің, ұлтының қамын ойлаған азамат осылайша жапа шегіп, азапты шақтарды басынан өткізген. Ол 1938 жылғы 11 наурыз күні Алматының маңайындағы «Жаңалық» деген жерде атылады. Осылайша жазықсыз жала жабылып, қуғын-сүргіннің құрбаны болған зайсандық Кәрім Құндақбаев 32 жасында желке тұсынан атылған оқтан құрбан болған. ААл арада өткен жиырма жылдан кейін ақталған. Бұл туралы кезінде зерттеу жүргізген белгілі қаламгер Меңғали Мусин өзінің «Түнекке тұншыққандар» атты кітабындағы «Өлуінің себебі- желке тұсынан атылған оқ» атты жазбасында жазған. Сондай-ақ, республикалық «Халық Кеңесі» газетінде 1992 жылғы 6 қазанда арнайы мақала жарияланған.

Сұрапыл жылдардың куәгері болып, сол уақыттағы солақай саясаттың кесірінен қуғын- сүргіннің нәубәтіне ұшыраған марқұм Кәрім Құндақбаевтың есімі ешқашан ұмытылмайды. Оның атына 2022 жылы аудан орталығынан көше берілген, соның нәтижесінде Зайсан қаласының бір көшесі кезінде «Халық жауы» атанған жерлесіміздің есімімен аталады, жерлестерінің есінде әрдайым сақталады.

А.Бөлекбаева.



Қатыгез ғасыр

АХМЕТ-ЗӘКИ АҚТЯМОВ



Зайсан қаласы Қытай, Монғолия, Ресей елдерінің сауда қарым-қатынасы жолында орналасқан. Соған байланысты бұл жерде сәулетті үйлер, сауда орталықтары, ғимараттар салынып, халықтың мәдениеті, білім деңгейі басқа жерлермен салыстырғанда жоғары болған.

XIX шы ғасырдың аяғында Ислам жолына шын ниеттерімен берілген, оны уағыздап, халыққа таратушы XVII ғасырдағы Қазан бұлғары ұрпақтарынан шыққан Ахмет-Зәки Ақтямов Зайсанға келіп, татар мешітін және қыздар, ұлдар оқитын медреселер салғызады. Өзінің кірпіш шығаратын зауыты болған. Араб, орыс, татар, қазақ тілдерін жетік меңгерген. Қажылық рәсімін өтеу үшін екі рет Меккеге барып қайтқан. Өзі Зайсанда салынған татар мешітінің тұңғыш имамы болған. Әбдірахман қажы қазақ мешітінде имам болғанда бұл кісі татар мешітінде имамдық қызмет атқарған көрінеді. Яғни, екеуінің имамдық жұмысы қатар болған. Әйелі Мағсума сол замандағы белгілі татар байы Ғабдулжапардың қызы. Ол кісі де Ислам дінін жетік меңгерген, озық ойлы адам екен. 1921 жылы Кеңес үкіметі орнағаннан кейін дүние-мүліктерін тәркілеп, ұрпақтарын тоздырады.

Семей қаласындағы діндар көпестердің жарқын өкілдерінің бірі – Казан губерниясында туған, сол жердегі діни училищені бітірген Ахмет-Зәки Ақтямовтың тағдыры көп жағдайда үлгі бола алады. Ол тек №2 қалалық мешіттің имамы ғана емес, бұған дейін №1 Зайсан мешітінде де қызмет атқарған. Осы қызметі үшін 1913 жылы патша жарлығымен оған жеке құрметті азамат атағы берілген.

Ахмет-Зәки Ақтямов қатарынан мектептерде мұсылман дінінің негіздерін және татар тілін оқытқан. Араб тілін жетік меңгеріп, орыс және қазақ тілдерінде еркін сөйлеген. Үйінде үлкен кітапханасы болып, түрлі тілдердегі діни және көркем әдебиеттерге жазы-

лып тұрған. Екі рет Меккеге қажылық сапар жасаған.

1918 жылдың ақпанында Зайсанда Кеңес өкіметі орнап, тұтқындаулар басталған кезде, А.Ақтямов отбасын Ташкенттегі әпкесіне жіберіп, өзі Семейге көшеді. Алайда, бұл оның қасіретті тағдырына бастар жол еді...

Ахмет-Зәкиді 70-тен асқанда Коми жеріндегі Воркута түрмесіне апара жатқанда жолда өмірден өтіп, сүйегі далада қар астында қалыпты. Кейін ол 1957 жылы ресми түрде ақталды.

Оның балаларының өмірі де оңай болмады. Ахмет-Зәки Ақтямов оларды мақтан тұтатын еді. Әсіресе, 1911 жылы Семейде туған ұлы Якубты. Ол кейін КСРО-ның еңбек сіңірген өнертапқышы атанды. Ленинград политехникалық институтын үздік дипломмен бітіргеннен кейін, Өзбекстан комсомолы Орталық комитетінің жолдамасымен түскен ол әлеуметтік тегінің анықталуынан қауіптеніп, аспирантурада оқуын жалғастырудан бас тартуға мәжбүр болған. Магнитогор металлургия комбинатында механика-монтаж цехында прораб болып жұмыс істеген.

Алайда, 1938 жылдың қазанында, ол да тұтқындалды. НКВД түрмесінің барлық азабын бастан өткерген Якуб Ақтямов өзін «Халық жауларына көмектесті» деген айыппен кінәлі деп мойындаудан бас тартты. Соған қарамастан, НКВД жанындағы ерекше кеңестің шешімімен үш жылға еңбекпен түзеу лагеріне жіберіліп, Красноярск өлкесіне айдалды.

Якуб Ахтямовтың батылдығын атап өткен жөн. Кейін ол тек «тәжірибелік емес, ғылыми» жұмыспен де айналысты. 1961 жылы Орал филиалындағы Құрылыс және сәулет академиясында вермикулитті зерттеу зертханасын құрды. 1979 жылы бұрын «Халық жауының» баласы атанған ол КСРО Министрлер Кеңесінің сыйлығын «Вермикулит негіздерін зерттеу, технологиясын жасау және халық шаруашылығына енгізу» еңбегі үшін алды. Якуб Ақтямов 150-ден астам ғылыми еңбек пен монографияның авторы, 45 авторлық куәлік пен 7 патенттің иесі (оның ішінде АҚШ-та алынғандары да бар). 1988 жылы оған КСРО-ның еңбек сіңірген өнертапқышы атағы берілді.

Ж.Мырзахан.

Зайсан тарихи-өлкетану музейінің директоры.

«Жас түлек – 2026»

СЫҢҒЫРЛА, СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ!

25 мамыр күні аудан мектептерінде соңғы қоңырау мерекесі өткізілді. Бұл күн барлық ұстаздар мен оқушылар үшін, әсіресе, он бір жыл мектеп партасында отырып, алтын ұя мектебінде білім нәрімен сусындаған мектеп бітіруші түлектердің өміріндегі ең бір ұмытылмас сәт болып қалатыны белгілі. Биылғы 2025-2026 оқу жылының соңғы қоңырау мерекесі Дайыр ауылындағы Мұқарам атындағы мектеп-балабақша кешенінде көпшіліктің есінде қалатындай ерекше әсерлі өткізілді.

лаларына арнап ақ тілектерін білдіріп, әннен шашу шашты. Осындай айтулы күні мек-



теп бітіруші түлектердің қолдарына алғаш рет қалам ұстатып, әріп танытқан ұстаздары, бастауыш сынып мұғалімі Гүлшат Нәбиева мен қазіргі сынып жетекшілері, жас ұстаз Айдана Арманқызы сөз сөйлеп, оқушыларға сәт сапар тіледі.

Өз кезегінде мектеп бітіруші түлектер білім нәрімен сусындатқан пән мұғалімдеріне жүрежарды лебіздерін жазған хаттарын тарту етсе, жас түлек Шыңғысқызы Айсымбат сыныптастары атынан алғыс білдірді.

Осы сәтте мектеп бітіруші түлектердің ыстық ұясы мен қымбатты ұстаздарына деген қимастық сезім құшағында тұрғанын аңғардық.

Осындай әсерге толы шара барысында мектептің қырық және жиырма жылдық түлектері сөз сөйлеп, өмірден озған ұстаздарын бір минут үнсіздікпен еске алысты. Олар өздерінің алтын ұя мектебіне деген сағынышын, ыстық ықыласын білдіріп, жас түлектерге ақ жол тіледі.

Олардың әрқайсысы біліммен сусындап, бақытты балалық шағы өткен қасиетті мекеніне құралақан келмеген екен. Қанат қаққандарына қырық жыл болған түлектер интерактивті тақта тарту етсе, жиырма жылдық түлектер мектепке дарынды оқушыларға арналған стенд жасап, тарту етті.

Соңғы қоңырауды мектеп бітіруші түлектер Аятқан Есхат пен Оңғарбай Айым соқты. Бұл олар үшін соңғы рет соғылған қоңырау үні болып мәңгі естерінде қалары сөзсіз...

Н.ХАЛЫҚОВА.



Соңғы қоңырау мерекесіне арналған салтанатты жиында ортаға биылғы жылы алтын ұядан ұшқалы тұрған түлектер мен аталмыш білім ордасынан осыдан қырық және жиырма жыл бұрын түлеп ұшқан түлектері сән-салтанатпен шақырылды. Ең алдымен мемлекеттік Әнұран шырқалғаннан кейін, мектеп директоры Руслан Шәкеновке сөз берілді.

Мектеп басшысы өткен жылы іргелі білім ордасының ғасыр тойы жоғары деңгейде аталып өткендігін, оған Мұқарам ұстаздың ұрпақтары мен мектептің әр жылғы түлектері, мектеп ұжымының өлшеусіз еңбек сіңіргенін айтып өтті. Сонымен қатар, биылғы оқу жылы аясында оқушылардың білім көрсеткіштері мен жеткен жетістіктеріне тоқталып, алдағы ұлттық бірыңғай тестілеуден түлектерден сүрінбей өтулеріне тілектестік білдірді.

Келесі кезекте мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Гүлназ Мұсағитова мектептің барлық сыныптарындағы озат оқушылардың есімін атап, олардың мақтау қағазға ұсынылғанын жеткізді.

Шара барысында мектеп бітірушілердің ата-аналары қияға қанат қаққалы тұрған ба-

ӘСКЕР ҚАТАРЫНДАҒЫ ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП



Заң мен тәртіп — әскердің негізгі ұстанымы. Әскери қызметшілердің құқықтық сауаттылығы мен тәртіптілігі әскери бөлімнің жауынгерлік қабілетін арттырып, ел қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында **әскери тергеу басқармасының қызметкерлері**, командирлер және тәрбие бөлімдері мен бірлесіп, тұрақты түрде профилактикалық жұмыстар жүргізеді. Әскери бөлімдерде заң талаптарын сақтау, әскери тәртіпті нығайту және қызметтік міндеттерді адал орындау бойынша жүйелі іс-шаралар өткізіледі.

Түсіндіру жұмыстары, кездесулер, дәрістер мен әңгімелер арқылы қызметшілердің құқықтық мәдениеті қалыптастырылады. Сонымен қатар, құқық бұзушылықтың кез келген түріне жол бермеу бойынша қатаң бақылау орнатылған.

Әскери тергеу басқармасының қызметкері

ЕСТЕ САҚТАНЫЗ!

Әскери қызметші үшін заң мен тәртіпті сақтау — бұл тек талап емес, бұл — Отан алдындағы қасиетті борыш және әскери антақ адалдық белгісі.

Заң мен тәртіпті сақтау — әскери бөлімнің беделі мен ел қауіпсіздігінің кепілі. Әрбір әскери қызметші өз міндетіне жауапкершілікпен қарап, құқық бұзушылыққа жол бермеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде заң мен тәртіпті нығайту — әрбір әскери қызметшінің қасиетті борышы. Біз тәртіпті армия құрып қана қоймай, тәуелсіздігіміздің және тыныштығымыздың мызғымас тірегің қалаймыз.

Қазақстан Республикасы ІІМ Шығыс өңірлік әскери тергеу басқармасы Өскемен бөлімі Зайсан тобы.



Берденова Гүлбаршын Оспанқызы

Аяулы жар, ардақты әпке, қайырымды туыс, білікті ұстаз, ақылшы әріптес, адал дос болған, аудандық «Достық» газетінің байырғы белсенді қоғамдық тілшісі, қалам мен бірге өнерді жанына серік еткен Қазақ ССР Оқу Министрінің, оқу – ағарту қызметкерлері кәсіподағы республикалық комитетінің «Құрмет грамоталарының», облыстық, аудандық білім басқармасы мен бөлімінің көптеген «Алғыс хаттарының» иегері, Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің үздігі», Зайсан ауданының құрметті азаматы Берденова Гүлбаршын Оспанқызы 2026 жылғы 22 мамырда 81 жаста асқан шағында кенеттен өмірден өтті.



Берденова Гүлбаршын Оспанқызы 1945 жылғы 22 ақпанда Зайсан ауданының Қаратал ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы жылдары шыр етіп дүниеге келген нәрестеге сол сәтте аумалы – төкпелі кезеңнің күәгері, өңірдегі ұжымдастыру ісіне белсене араласқан, көзі ашық, көкірегі ояу әкесі Оспан мен анасы жақсы ырымға балап, батырлар жырындағы Алпамыстың жары Гүлбаршынның есімін берген екен.

Асылдың сынығы, тектінің тұяғы Гүлбаршын Оспанқызының бал дәурен балалық шағы Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін әкесінің қызмет бабына байланысты Қарабұлақ ауылында өткен. 1952 жылы қазіргі Абай атындағы орта мектептің табалдырығынан аттап, бірінші сыныпқа қабылданған. Ол ауылдағы он бір жылдық мектепті 1963 жылы сырттай бітірген.

Отбасылық жағдайына байланысты білімін ары қарай жалғастыра алмай, он сегіз жасында сол кездегі Тарбағатай ауданының Шілікті ауылындағы мектепте өзінің алғашқы еңбек жолын пионер вожатый болып бастаған. Бір жылдан кейін өзі түлеп ұшқан білім ордасына қызметке ауысып, алғашында пионер вожатыйы, кейіннен сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырушы міндетін атқара жүріп, өзінің ұстаздық жолын бастаған. Ән сабағынан, тарих пәнінен қарабұлақтық шәкірттерге дәріс беріп, жас жеткіншектерге сапалы білім, тәлімді тәрбие беруге өз үлесін қосқан. Мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, өзінің ұйымдастырушылық қабілеті және іскерлігімен танылған. Жас маман ретінде жарқын бастамалардың жаршысы атанып, аудандағы білікті ұстаздардың қатарына қосылған. Мектептегі қызметінен қол үзбей жүріп, Алматы қаласындағы сол кездегі қыздар педагогикалық институтының тарих факультетін сырттай бітірген.

Гүлбаршын Оспанқызы 1968 жылы аудандық комсомол комитетінің ұсынысымен Қазақ ССР – нен Германияға баратын 25 адамнан құрылған делегацияның құрамында Берлин қаласын аралап, қазақтың батыры Рахымжан Қошқарбаев Ұлы Жеңістің туын тіккен Рейхстагы өз көзімен көрген.

Ол кісіні жерлестерінің басым бөлігі, әріптестері Көкеш деп атап кеткен. Гүлбаршын

Оспанқызы мектеп қабырғасында жүрген кезінен бастап, аудан өмірінің айнасы – аудандық «Достық» газетінің белсенді қоғамдық тілшісі болып, айналасында, мектеп өмірінде болып жатқан жаңалықтарды оқырманға өзінің қаламынан шыққан дүниелерді газет арқылы оқырманға жеткізіп тұруға атсалысты. Өмірінің соңына дейін газеттен қол үзбей, шындықтың бетін ашуда өзекті мәселелерді, кездескен кемшілік атаулыны назарынан тыс қалдырмай, оқырманға ой салған ұсынысы пен пікірлерін ортаға салды.

Гүлбаршын Оспанқызы 1974 жылы Украинаның Днепропетровск ауылшаруашылығы институтының түлегі, жас маман Аманкелді (Абай ағамен) отбасын құрып, Кемелбаевтар әулетіне инабатты келін болды.

Жұбайының қызмет бабына байланысты Көкеш апай ұстаздық жолын әр жылдары Зайсан өңіріндегі мектептерде жалғастырды. Атап айтқанда 1976 жылы Абай атындағы орта мектептен Айнабұлақтағы «Октябрьдің 40 жылдығы атындағы» мектепке ауысты. Бұл білім ордасында мектептің тәрбие ісімен айналысты. 1978 жылы өмірлік қосағы «Қаратал» совхозына қызметке ауысқанда осындағы М.Горький атындағы орта мектепте директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары болып тағайындалып, осы қызметті 1988 жылға дейін он жыл абыроймен атқарып, әріптестерінің мақтанышы, аудандағы ұстаздардың тәлімгері атанды. Отбасылық жағдайына, жолдасының қызмет бабына байланысты ұстаздардың ұстазы, атанған білікті маман сол жылы Зайсан қаласына қоныс аударды. Сол жылдан бастап Зайсан аудандық оқу бөліміне тарих, қоғам тану, этика, эстетика және тәрбие жұмыс жөніндегі әдіскер болып, жауапты міндетті арқалады. Гүлбаршын Оспанқызы ауданда алғашқылардың бірі болып, ұлттық тәрбие-халықтық педагогика мәселесімен айналысып, бұл орайда жас жеткіншектерге қажетті көңіл көншітетін көптеген игілікті істерді қолға алды. Өсіп келе жатқан мектеп оқушыларының бойына ұлттық құндылықтардың түрлерін, олардың саналарын селт еткізетін бағалы дүниелерді дөріптеп, бұл бағытта аудан мектептерінде жоспарлы игілікті жұмыстардың атқарылуына өзінің өшпестей қолтаңбасын қалдырды. Осы орайда аудандық «Достық» газетінің беттерінде жас ұрпақ тәрбиесін арналған көптеген мақалалары, іс тәжірибелерін насихаттаған бет плакаттары жарияланды. Аудандағы барлық білім ордаларында ұйымдастырылған ата-аналар оқуларында күнделікті отбасындағы тәрбие жөнінде баяндамалар оқылып, ұл мен қыз бала тәрбиесіне байланысты тиімді әңгімелер өткізуді әдіскерлік қызметінде дәстүрлі іске айналдырған.

Г.Оспанқызы көмек қажет ететін мектептерге «педагогикалық десанттар» жіберіп, семинар-практикумдар ұйымдастыруға да ұйытқы болғаны әріптестерінің есінде. Ол кісінің бастамасымен баспадан 1990 жылы «Өмірді үйрену сабағы» атты арнайы жинақ басылып шықты. Ал 1992 жылы «Халықтық тәрбие - өмір талабы» атты тақырыппен аудан мектептеріндегі сынып жетекшілерінің озық іс тәжірибелерін арнайы жинақ етіп шығарды. Ол өзіне жүктелген тәрбие бағытындағы барлық жұмыстарды ғылыми негізде ұйымдастырып, әлем, республика деңгейіндегі педагогикалық еңбектерді басшылыққа алып, ауданда 1990-1995 жылдарды Оамтысан тәрбие бағдарламасын құрастырды. 1997 жылы әр отбасына қажетті тектілік тәрбиесіне байланысты жаңа бағдарлама дайындады. Әдіскердің бұл бастамасын сол кездері облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтының тәрбие жұмыстары жөніндегі кабинеті қолдап, оның тектілік тәрбиесі жөніндегі бағаларламасын таратуды жүзеге асырды. Соған байланысты Зайсанда «Мектеп – елдікке, тектілікке ірге тас» атты ғылыми практикалық конференция өткізілді.

Гүлбаршын Оспанқызы өмірлік қосағы Абай ағамен қолтықтасып бақытты ғұмыр кешті. Олар айдында жүзген қос аққудың махаббатының символындай еді...

Қолынан қаламын тастамаған қоғамдық тілшінің мақалалары республикалық «Егемен Қазақстан», «Қазақстан мұғалімі», облыстық «Дидар», аудандық «Достық» газеттерінде үнемі тұрақты жарияланды. Гүлбаршын Оспанқызы өмірінің соңғы күндеріне дейін баспасөзбен тұрақты байланыста болды.

Марқұмның жұбайы Абай ағаға, Кемелбаев Аманкелді Жұмашұлына, барлық туған – туыстарына, әулетіне, онымен қызметтес болған әріптестеріне орны толмайтын қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. Марқұмның жаны жәннатта, топырағы торқа болсын.

Ұстаздардың ұстазы атанған, қоғамдық тілшіміз Берденова Гүлбаршын Оспанқызының жарқын бейнесі ұмытылмайды, есімізде әрдайым сақталады.

Аудандық «Достық» газеті бастауыш ардагерлер ұйымы және редакция ұжымы.

Жарқын бейнесі жадымызда

Саналы ғұмырын білім саласына, оның ішінде тәрбиеге арнаған Берденова Гүлбаршын Оспанқызы туралы өткен шақта айту, еске алу қаншалықты ауыр екенін жетізу қиын екен. Еңбек жолын пионер ұйымы жетекшілігінен бастап, оны институт қабырғасындағы білімнен ұштастырған ол Шілікті, Қарабұлақ ауылдарындағы мектептерде талай бүлдіршіннің мойнына қызыл галстукты тағып, галстуктың жауапкершілігі мен мәртебесін әр балаға заман талабына сай жеткізіп, елжандылық сезімдерін оята білген Аға вожатый болған, сол шәкірттерінің қазіргі еңбек жетістіктерін, олардың жазбаларын мақтанышпен айтып отыратын.

Айнабұлақ, Қаратал орта мектептеріндегі мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметінде «Мектеп – ата-ана бала» арасындағы үштікті ұштастырған еңбегі, оқушылар ұйымына «Өзін-өзі басқару» жүйесін енгізу әдісі ауданда жоғары бағаланып, Гүлбаршын Оспанқызының іс-тәжірибесі таратылды.

Тәрбиесі қиын деген қолайсыз отбасыларымен жүргізген жүйелі жұмысы талай жанұяның берік қалыптасуына, талай «тентектің» өмірден өз жолын табуына жол сілтеді.

— «Мен бақытымды өзім таңдаған мамандығымнан таптым» дегенді жиі айтушы еді. Өзінің осы өмірлік қағидасын тоқырау жылдары аудандық білім бөліміндегі тәрбие ісі жөніндегі әдіскерлік қызметінде нәтижеге бағытталған тәрбие жүйесін сол кездегі республика бойынша енгізіліп жатқан «халықтық педагогиканы» тәрбиеде



насихаттауды талапқа сай ұйымдастыра білді. Біздің ауданның «халықтық педагогиканы» тәрбиеде кенінен пайдаланудағы озық тәжірибесі облыс бойынша таратылып, ауданда 19 ауданның білім бөлімі басшыларымен, тәрбие ісі жөніндегі әдіскерлері бас қосып, ауқымды семинар – кеңес Гүлбаршын Оспанқызының ұйымдастыруымен өткізілгені сол кездегі әріптестерінің әлі есінде.

Аудан мектептерінің тәрбие ісін ұйымдастырушылар мен сынып жетекшілерінің ынтымағы мен бірлігін, ата-анамен берекесін өзінің шеберлігімен бекіте білген «Ұстаз — педагог» болды.

Өзінің қызметінде нәтижеге жетуіне үнемі қолдау көрсетіп, жағдайын жасап отырған өмірлік серігі Абай ағаға деген құрметі мен сыйластығы бөлек еді. Атын атамай «Біздің Құнанбаев» деп отыратын өмірлік қосағын «Уақытымыздың жеткен жері осы болды» дегендей тастап кете барды.

Аудан мұғалімдері арасында Көкеш апай атымен танымал болған әпкеміз бала мінезді, «Ақты-ақ, қараны-қара» деп қабылдайтын, кең пейілді, адалдық пен әділдікті қатар ұстайтын жан еді!

Рухы биік, қиындықтан қаймықпайтын «Елім — жерім» деген жанның бірі және бірегейі еді! Мұқағали Мақатаевтың:

«Өмір деген - ұлы сапар осынау

Қиындықтар кезіксе де жасымау» деген өлең жолдары осы әпкемізге арналғандай.

Құрметті еңбек демалысында болса да қоғамнан шет қалмай өз ұстанымын, ойы мен ұсынысын жеткізіп, пікірін ашық білдіріп отыратын. Қиналған жандарға қол ұшын беріп, қайырымдылықтан шет қалмайтын. Бірақ оны ешуақытта жария етпейтін. Өз ортасында әсемдік пен әдеміліктің үлгісін көрсетіп, би өнерімен таң қалдырып жүруші еді, кенеттен келген ажал арамьздан алып кетті.

Ауданның құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының «Білім беру ісінің үздігі», еңбек ардагері Гүлбаршын Оспанқызының жұбайы Абай Жұмашұлына, барлық туған - туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

Мәңгілік мекені пейіштің төрі болсын!

Бірге қызмет істеген әріптестері: С. Абдығалиева, А. Самарханова, Х. Былжырова, М. Қаженова, Г. Маткаримова, З. Мұхамедқариева.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Gold minerals kz» ЖШС Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданында орналасқан лицензиялық алаң шегінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу жоспары (2025 жылғы 30 маусымдағы №3423-ЕЛ лицензиясы). Құжаттар топтамасы: қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ), рұқсат етілген шығарындылар нормативтері (РШН), өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭБ), қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары (ҚОҚЖ) жобасының мемлекеттік экологиялық сараптамасын жүргізу бойынша ашық жиналыстар түріндегі қоғамдық тыңдаулар басталғаны туралы хабарлайды.

Әсер ету аумағы: Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Шілікті селолық округі, Шілікті ауылы, координаттары: (47°10'17" с.е., 84°31'53" ш.б.).

Учаскенің географиялық координаттары: 1. 47° 00' 0.0"C; 84° 47' 0.0"B; 2. 47° 01' 0.0"C; 84° 47' 0.0"B; 3. 47° 01' 0.0"C; 84° 50' 0.0"B; 4. 47° 00' 0.0"C; 84° 50' 0.0"B; 5. 47° 00' 0.0"C; 84° 51' 0.0"B; 6. 46° 59' 0.0"C; 84° 51' 0.0"B; 7. 46° 59' 0.0"C; 84° 52' 0.0"B; 8. 46° 58' 0.0"C; 84° 52' 0.0"B; 9. 46° 58' 0.0"C; 84° 50' 0.0"B; 10. 46° 59' 0.0"C; 84° 50' 0.0"B; 11. 46° 59' 0.0"C. 84° 48' 0.0"B; 12. 47° 00' 0.0"C; 84° 48' 0.0"B.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 02 шілде сағат 15:30-да, Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Шілікті селолық округі, Шілікті ауылы, «Шілікті орта мектебі» КММ.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме:

<https://us06web.zoom.us/j/87534154447?pwd=BRDLHgljE0SXZrk8Y70pxOSJN2hhlo.1>

Конференция идентификаторы: 346 745 3931 Құпия код: YGC0Kii Тапсырыс берушінің реквизиттері: «Gold minerals kz» ЖШС, ҚР, Қарағанды қ., Н. Әбдіров даңғылы, 34/1 үй, 54 пәт, Тел: +7(702)423-52-98, эл.почта: law-uniprom@mail.ru БСН 250440000202, Директор – Крылова А.Г. (Мемлекеттік лицензия №3423-ЕЛ 30.06.2025 жылы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен берілген)

Әзірлеушінің реквизиттері: ЖК "ПроЭкоКонсалт", ҚР, Қарағанды қ., Н.Назарбаев к, 4-үй, (BULVAR БО), 104-оф, өкілі: Обжорина Т.Н., Байланыс телефондары: тел.8 (776) 526-31-31, электрондық поштасы: tanya_ob80@mail.ru

(Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге Мемлекеттік лицензия №02568Р, 2025 жылғы «26» мамырда Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетімен берілген)

Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен <https://ndbecology.gov.kz> сайттарда «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat/search/1?contentType=&searchText=қоғамдық+тыңдалымдар&slug=vko-tabigat&lang=kk> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты 8 (776) 526-31-31 телефондары арқылы сұрауға болады, е-mail: tanya_ob80@mail.ru

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz>, қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың мекенжайы бойынша қабылданады: «Шығыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Өскемен қ., Б.Керімбаев көшесі, 19, тел. + 8 (7232) 25-73-20, е-mail: d.babakanova@akimvko.gov.kz

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Gold minerals kz» ЖШС «Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданында орналасқан лицензиялық алаң шегінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу жоспарына қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасының мемлекеттік экологиялық сараптамасын жүргізу бойынша ашық жиналыстар түріндегі қоғамдық тыңдаулар басталғаны туралы хабарлайды (2025 жылғы 30 маусым №3423-ЕЛ Лицензиясы).

Әсер ету аумағы: Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Шілікті селолық округі, Шілікті ауылы, координаттары: (47°10'17" с.е., 84°31'53" ш.б.).

Учаскенің географиялық координаттары: 1. 47° 00' 0.0"C; 84° 47' 0.0"B; 2. 47° 01' 0.0"C; 84° 47' 0.0"B; 3. 47° 01' 0.0"C; 84° 50' 0.0"B; 4. 47° 00' 0.0"C; 84° 50' 0.0"B; 5. 47° 00' 0.0"C; 84° 51' 0.0"B; 6. 46° 59' 0.0"C; 84° 51' 0.0"B; 7. 46° 59' 0.0"C; 84° 52' 0.0"B; 8. 46° 58' 0.0"C; 84° 52' 0.0"B; 9. 46° 58' 0.0"C; 84° 50' 0.0"B; 10. 46° 59' 0.0"C; 84° 50' 0.0"B; 11. 46° 59' 0.0"C. 84° 48' 0.0"B; 12. 47° 00' 0.0"C; 84° 48' 0.0"B.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 02 шілде сағат 14:30-да, Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Шілікті селолық округі, Шілікті ауылы, «Шілікті орта мектебі» КММ.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме:

<https://us06web.zoom.us/j/3467453931?pwd=OWFnOGVpQjFMTmE0TDVtRlIFcXlZdz09&omn=82664206324>

Конференция идентификаторы: 346 745 3931 Құпия код: YGC0Kii Тапсырыс берушінің реквизиттері: «Gold minerals kz» ЖШС, ҚР, Қарағанды қ., Н. Әбдіров даңғылы, 34/1 үй, 54 пәт, Тел: +7(702)423-52-98, эл.почта: law-uniprom@mail.ru БСН 250440000202, Директор – Крылова А.Г. (Мемлекеттік лицензия №3423-ЕЛ 30.06.2025 жылы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен берілген)

Әзірлеушінің реквизиттері: ЖК "ПроЭкоКонсалт", ҚР, Қарағанды қ., Н.Назарбаев к, 4-үй, (BULVAR БО), 104-оф, өкілі: Обжорина Т.Н., Байланыс телефондары: тел.8 (776) 526-31-31, электрондық поштасы: tanya_ob80@mail.ru

(Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге Мемлекеттік лицензия №02568Р, 2025 жылғы «26» мамырда Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетімен берілген)

Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен <https://ndbecology.gov.kz> сайттарда «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat/search/1?contentType=&searchText=қоғамдық+тыңдалымдар&slug=vko-tabigat&lang=kk> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты 8 (776) 526-31-31 телефондары арқылы сұрауға болады, е-mail: tanya_ob80@mail.ru

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz>, қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың мекенжайы бойынша қабылданады: «Шығыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Өскемен қ., Б.Керімбаев көшесі, 19, тел. + 8 (7232) 25-73-20, е-mail: d.babakanova@akimvko.gov.kz

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Gold minerals kz» сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме открытых собраний для осуществления государственной экологической экспертизы к заявке на получение экологического разрешения на воздействие к Плану проведения операций по разведке твердых полезных ископаемых в пределах лицензионной площади, расположенной в Зайсанском районе Восточно-Казахстанской области (Лицензия №3423-ЕЛ от 30 июня 2025 г.). Пакет документов: Раздел охраны окружающей среды (РООС), Нормативы допустимых выбросов (НДВ), Программа производственного экологического контроля (ППЭК), Программа управления отходами (ПУО), План природоохранных мероприятий (ППМ).

Территория воздействия: Восточно-Казахстанская область, Зайсанский район, Шиликтинский с.о., село Шиликти (координаты 47°10'17" с.ш., 84°31'53" в.д.).

Географические координаты участка: 1. 47° 00' 0.0"C; 84° 47' 0.0"B; 2. 47° 01' 0.0"C; 84° 47' 0.0"B; 3. 47° 01' 0.0"C; 84° 50' 0.0"B; 4. 47° 00' 0.0"C; 84° 50' 0.0"B; 5. 47° 00' 0.0"C; 84° 51' 0.0"B; 6. 46° 59' 0.0"C; 84° 51' 0.0"B; 7. 46° 59' 0.0"C; 84° 52' 0.0"B; 8. 46° 58' 0.0"C; 84° 52' 0.0"B; 9. 46° 58' 0.0"C; 84° 50' 0.0"B; 10. 46° 59' 0.0"C; 84° 50' 0.0"B; 11. 46° 59' 0.0"C. 84° 48' 0.0"B; 12. 47° 00' 0.0"C; 84° 48' 0.0"B.

Общественные слушания состоятся: 02 июля 2026 года в 15:30, по адресу: Восточно-Казахстанская область, Зайсанский район, Шиликтинский с.о., село Шиликти, КГУ «Средняя школа Шиликти.

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom:

<https://us06web.zoom.us/j/87534154447?pwd=BRDLHgljE0SXZrk8Y70pxOSJN2hhlo.1>

Идентификатор конференции: 346 745 3931 Код доступа: YGC0Kii Реквизиты заказчика: ТОО «Gold minerals kz», РК, г.Караганда, пр. Н. Абдилова, дом 34/1, кв. 54, Тел: +7(702)423-52-98, эл.почта: law-uniprom@mail.ru БИН 250440000202, Директор – Крылова А.Г. (Государственная лицензия №3423-ЕЛ выдана 30.06.2025 года Министерством промышленности и строительства Республики Казахстан)

Реквизиты разработчика: ИП «ПроЭкоКонсалт», РК, г.Караганда, пр.Н.Назарбаева, 4 (БЦ BULVAR), оф.104, руководитель: Обжорина Т.Н Тел: 8(776) 526-31-31, е-mail: tanya_ob80@mail.ru (ГЛ на деятельность выполнение работ и оказание услуг в области охраны окружающей среды №02568Р от «26» мая 2025 года, выдана «Комитетом экологического регулирования и контроля Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан».

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://ndbecology.gov.kz> в разделе «Опубликованные слушания» и <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat/search/1?contentType=&searchText=общественные+слушания&slug=vko-tabigat&lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по проектным материалам можно запросить по тел. 8 (776) 526-31-31, е-mail: tanya_ob80@mail.ru

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на <https://ndbecology.gov.kz>, а также по адресу МИО: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Восточно-Казахстанской области», г.Усть-Каменогорск, ул.Б.Керимбаева,19, тел. + 8 (7232) 25-73-20, е-mail: d.babakanova@akimvko.gov.kz

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Gold minerals kz» сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме открытых собраний для осуществления государственной экологической экспертизы по материалам к проекту «Отчет о возможных воздействиях на окружающую среду к Плану проведения операций по разведке твердых полезных ископаемых в пределах лицензионной площади, расположенной в Зайсанском районе Восточно-Казахстанской области» (Лицензия №3423-ЕЛ от 30 июня 2025 г.)

Территория воздействия: Восточно-Казахстанская область, Зайсанский район, Шиликтинский с.о., село Шиликти (координаты 47°10'17" с.ш., 84°31'53" в.д.).

Географические координаты участка: 1. 47° 00' 0.0"C; 84° 47' 0.0"B; 2. 47° 01' 0.0"C; 84° 47' 0.0"B; 3. 47° 01' 0.0"C; 84° 50' 0.0"B; 4. 47° 00' 0.0"C; 84° 50' 0.0"B; 5. 47° 00' 0.0"C; 84° 51' 0.0"B; 6. 46° 59' 0.0"C; 84° 51' 0.0"B; 7. 46° 59' 0.0"C; 84° 52' 0.0"B; 8. 46° 58' 0.0"C; 84° 52' 0.0"B; 9. 46° 58' 0.0"C; 84° 50' 0.0"B; 10. 46° 59' 0.0"C; 84° 50' 0.0"B; 11. 46° 59' 0.0"C. 84° 48' 0.0"B; 12. 47° 00' 0.0"C; 84° 48' 0.0"B.

Общественные слушания состоятся: 02 июля 2026 года в 14:30, по адресу: Восточно-Казахстанская область, Зайсанский район, Шиликтинский с.о., село Шиликти, КГУ «Средняя школа Шиликти.

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom:

<https://us06web.zoom.us/j/3467453931?pwd=OWFnOGVpQjFMTmE0TDVtRlIFcXlZdz09&omn=82664206324>

Идентификатор конференции: 346 745 3931 Код доступа: YGC0Kii Реквизиты заказчика: ТОО «Gold minerals kz», РК, г.Караганда, пр. Н. Абдилова, дом 34/1, кв. 54, Тел: +7(702)423-52-98, эл.почта: law-uniprom@mail.ru БИН 250440000202, Директор – Крылова А.Г. (Государственная лицензия №3423-ЕЛ выдана 30.06.2025 года Министерством промышленности и строительства Республики Казахстан)

Реквизиты разработчика: ИП «ПроЭкоКонсалт», РК, г.Караганда, пр.Н.Назарбаева, 4 (БЦ BULVAR), оф.104, руководитель: Обжорина Т.Н Тел: 8(776) 526-31-31, е-mail: tanya_ob80@mail.ru (ГЛ на деятельность выполнение работ и оказание услуг в области охраны окружающей среды №02568Р от «26» мая 2025 года, выдана «Комитетом экологического регулирования и контроля Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан».

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://ndbecology.gov.kz> в разделе «Опубликованные слушания» и <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat/search/1?contentType=&searchText=общественные+слушания&slug=vko-tabigat&lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по проектным материалам можно запросить по тел. 8 (776) 526-31-31, е-mail: tanya_ob80@mail.ru

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на <https://ndbecology.gov.kz>, а также по адресу МИО: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Восточно-Казахстанской области», г.Усть-Каменогорск, ул. Б.Керимбаева, 19, тел. + 8 (7232) 25-73-20, е-mail: d.babakanova@akimvko.gov.kz

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Gold minerals kz» ЖШС «Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданында орналасқан лицензиялық алаң шегінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу жоспарына қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасының мемлекеттік экологиялық сараптамасын жүргізу бойынша ашық жиналыстар түріндегі қоғамдық тыңдаулар басталғаны туралы хабарлайды (2025 жылғы 24 шілде №3481-ЕЛ Лицензиясы.).

Әсер ету аумағы: Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Шілікті селолық округі, Шілікті ауылы, координаттары: (47°10'17" с.е., 84°31'53"ш.б.).

Учаскенің географиялық координаттары: 1. 46°56'0.01"С; 84°51'0.01"В; 2. 46°58'0.01"С; 84°51'0.01"В; 3. 46°58'0.01"С; 84°52'0.01"В; 4. 46°59'0.01"С; 84°52'0.01"В; 5. 46°59'0.01"С 84°53'0.01"В; 6. 46°58'0.01"С; 84°53'0.01"В; 7. 46°58'0.01"С; 84°54'0.01"В; 8. 46°57'0.01"С; 84°54'0.01"В; 9. 46°57'0.01"С; 84°55'0.01"В; 10. 46°55'0.01"С; 84°55'0.01"В; 11. 46°55'0.01"С; 84°53'0.01"В; 12. 46°56'0.01"С; 84°53'0.01"В.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 3 шілде, сағат 14-30-да, Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Шілікті ауылдық округі, Шілікті ауылы, «Шілікті орта мектебі» КММ. Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме:

<https://us06web.zoom.us/j/3467453931?pwd=OWFnOGVpQjFMTmE0TDVtRlIFcXlZdz09&omn=88316459697>

Конференция идентификаторы: 346 745 3931 Күпия код: YGC0Ki

Тапсырыс берушінің реквизиттері: «Gold minerals kz» ЖШС, ҚР, Қарағанды қ, Н. Әбдіров даңғылы, 34/1 үй, 54 пәт, Тел: +7(702)423-52-98, эл.почта: law-uniprom@mail.ru БСН 250440000202, Директор – Крылова А.Г. (Мемлекеттік лицензия №3423-ЕЛ 30.06.2025 жылы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен берілген)

Әзірлеушінің реквизиттері: ЖК "ПроЭкоКонсалт", ҚР, Қарағанды қ., Н.Назарбаев қ, 4-үй, (BULVAR БО), 104-оф, өкілі: Обжорина Т.Н., Байланыс телефондары: тел.8 (776) 526-31-31, электрондық поштасы: tanya_ob80@mail.ru

(Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге Мемлекеттік лицензия №02568Р, 2025 жылғы 26 мамырда Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетімен берілген)

